

**2026-2027 оқу жылына арналған жоғары білімнің білім беру
бағдарламалары бойынша ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫ
оқуға қабылдау тәртібі
(оқыту тілі – қазақ немесе орыс)**

I. Құжаттарды тапсыру

1. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар шетел азаматтары қабылданады.

2. Оқуға түсу үшін талапкер **10 шілде мен 17 тамыз** аралығында қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды өзі тапсыруы қажет:

1) өтініш (қабылдау комиссиясында толтырылады);

2) төлқұжат (түпнұсқа көшірмесімен салыстырып болған соң қайтарылады), төлқұжаттың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы бар көшірмесі. Ұлттық төлқұжаттың қолданылу мерзімі құжат тапсырған кезде кемінде 2 жыл болуы тиіс;

3) білімі туралы құжат (түпнұсқа және көшірме) қосымшасымен/транскриптімен (түпнұсқа және көшірме). Білімі туралы құжат (түпнұсқа) апостильдендірілген болуы тиіс;

4) төлқұжат, білімі туралы құжат және қосымшасының/транскриптінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармалары (қажет болған жағдайда). Аудармаларды куәландыру Қазақстан Республикасының аумағындағы нотариус немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі арқылы жүзеге асырылады;

5) шет тілін білуді растайтын халықаралық сертификат (бар болған жағдайда);

6) 6 фотосурет 3×4 см. көлемінде (түрлі-түсті, мерзімі алты айдан аспау керек);

7) Қазақстан Республикасында алынған 075/у нысанындағы медициналық анықтама, флюорографиялық фотосурет;

8) профилактикалық егу картасының көшірмесі;

9) таңдаған мамандығы бойынша білім алуға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екенін растайтын тұрғылықты елінен медициналық анықтама, нарколог пен психиатрдың қорытындысы;

10) соттылығының бар немесе жоқтығын растайтын құжат;

9) төлем қабілеттілігін растау үшін ағымдағы банк шотының жай-күйі туралы анықтама. Анықтама конкурстық іріктеуден сәтті өткеннен кейін білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасау кезде тапсырылады. Келісім шарт жасасу кезінде анықтаманың қолдану мерзімі кемінде 5 жұмыс күнінен аспауы керек. Анықтамада бір жыл оқу ақысы және студенттік жатақханада тұру үшін төлем ақысынан кем емес сома көрсетіледі. Иммигранттың ағымдағы шотында қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, білім беру ұйымы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға қолданылмайды.

Құжаттар пакеті толық емес болған жағдайда қабылдау комиссиясы қарастырмайды. Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

II. Әңгімелесу

1. Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Әңгімелесу кезінде талапкер жалпы білімін, өмірлік тәжірибесін, сенімі мен жетістіктерін, өмірлік ұстанымы мен дүниетанымын көрсетуі тиіс.

2. Әңгімелесу кезеңі – **18-21 тамыз**. Әңгімелесу кестесі (күні, уақыты, орны) қабылдау комиссиясының ақпараттық тақталарында және университет сайтында орналастырылады.

Біздің сайттағы соңғы ақпаратты қадағалауыңызды сұраймыз!

3. Талапкерді әңгімелесуге жіберу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

4. Әңгімелесу өтініш берушінің оқу тілінде жүргізіледі.

Әңгімелесу сұрақтарының үлгісі:

1. Сіздің өміріңізде дәрігерлік мамандықты таңдауыңызға не әсер етті?
2. Болашақтың мінсіз медицинасын қалай көресіз?
3. Медицинаға қандай үлес қосуды жоспарлайсыз?
4. Медицинамен өзара әрекеттесу немесе жұмыс істеуде қандай тәжірибеңіз бар? Сіз медицинада волонтер болып жұмыс істедіңіз бе?
5. Жақсы дәрігер болуға септігін тигізетін жеке қасиеттеріңіз қандай?
6. Неліктен дәрігер болуды таңдадыңыз?
7. Дәрігер жұмысының басқа мамандықтардан қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыз?
8. Жақсы дәрігер қандай қасиеттерге ие болуы керек?
9. «Зиян жасама» деген сөз нені білдіреді?
10. Дәрігерлер пациенттерінің ауруынан басқа қандай қиындықтарға тап болады?
11. Вирус дегеніміз не және оның бактериядан айырмашылығы неде?
12. Вакцинация дегеніміз не және ол не үшін қажет?
13. Жасанды интеллект дәрігердің жұмысына әсер етеді деп ойлайсыз ба?
14. Интернет пен гаджеттер дәрігерлік тәжірибеге қалай көмектеседі немесе кедергі жасайды?
15. Болашақта қандай болғың келеді: терапевт, хирург, педиатр т.б.?

Неліктен?

16. Жақын жерде біреу қиналып немесе ауырып жатса, сіз қалай сезінесіз?

17. Жақсы дәрігер болу үшін бойыңызда қандай қасиеттерді дамытқыңыз келеді?

18. Сізге бағытталған сынға қалай қарайсыз?

19. Сіздің алдыңызға қолы ауырған қорқып тұрған бала келеді деп елестетіңіз. Оған не айтасың?

III. Іріктеу

1. Университетке түсу үшін шетел азаматтары әңгімелесу нәтижелері бойынша кемінде 60 % жинауы керек.

2. Шетелдік азаматтарды іріктеу әрбір оқу бағдарламасы мен тіл бөлімдері бойынша жүргізіледі.

3. Қабылдау комиссиясы шетелдік азаматтарды іріктеу нәтижелері туралы ол өткізілетін күні хабардар етеді.

IV. Университетке қабылдау

1. Конкурстық іріктеуден сәтті өткеннен кейін оқуға түсу үшін оқуға түсуші мен Университет арасында білім беру қызметтерін көрсетуге келісім-шарт (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасалады және оқуға оқу ақысы төленеді. Егер оқуға түсуші 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелеттік жасқа толмаған болса, келісім шартты оның заңды өкілінің келісімімен жасалады.

2. Шетел азаматтарын білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық іріктеу нәтижелерінің, Университетпен білім беру қызметтерін көрсетуге жасалған келісім-шарттың және төленген төлем негізінде 25 тамызға дейін шығарылады.

3. Шақыру және виза беруді университеттің халықаралық факультеті оқуға қабылдау туралы бұйрыққа қол қойғаннан кейін жүзеге асырады.

4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы:

050000, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 151

Тел.: 8(727)338-70-27 (ішкі 7071, 7350)

E-mail: abiturient@kaznmu.kz